

## БӨЛІМ: МАТЕМАТИКА

## Тіктөртбұрыштың ұзындығын өлшеу

ЖАРИЯЛАНДЫ  
10.01.2018

СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/25442/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Оқу ісінің меңгерушісі: \_\_\_\_\_

<b>Сабақ тақырыбы:</b>	<b>Тіктөртбұрыштың қабырғаларын өлшеу</b>	<b>Мектеп:</b>
<b>Күні :21.12.17</b> <b>СЫНЫП: 1-сынып</b>		<b>Мұғалімнің есімі:</b> <b>Қатысқандар саны:</b> <b>Қатыспағандар саны:</b>
<b>Оқу мақсаты:</b> <b>Барлық оқушылар:</b> <b>Оқушылардың басым бөлігі:</b> <b>Кейбір оқушылар:</b>	геометриялық фигуралардың (үшбұрыш, шар-шы, тіктөртбұрыш) қабырғаларын өлшейді және салыстырады; шамаларды, өлшем бірліктерді (см, дм/кг/л) қолданып өлшейді.	
<b>Ресурстар:</b>	сызғыш; интерактивті тақта; қима қағаздар;	
<b>Тірек сөздер</b> <b>Сабақтың мақсаты:</b>	Тіктөртбұрыштың қабырғаларын өлшеу Тіктөртбұрыш қабырғаларының ұзындығын өлшеу арқылы оның барлық қабырғаларының ұзындығын табуды үйрету; тіктөртбұрыштың қарама-қарсы қабырғаларының қасиетімен таныстыру.	
<b>Сабаққа байланысты деректі материалдар</b>	<b>Сабаққа қатысты ескертпелер</b>	

**Психологиялық ахуал:**

Үлкенге де сіз, кішіге де сіз.

Құрметпенен сәлем бердік біз.

-Оқушыларды топқа бөлу(үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш фигураларын таңдау арқылы топқа бөлінеді). Сабағымызды бастамас бұрын:

— алдымызда қандай мейрам келе жатыр? Жаңа жыл.

Жаңа жылдың сәні, көркі не? Шырша

Алдымызда шырша тұр. Шыршамызда не жетпейді?

Ойыншықтар. Біздің ойыншықтарымыз ерекше. Оны білу үшін мына сұрақтарға жауап береміз. Елордамыз қай қала?Астана. Биыл Астанамызға қанша жыл болды? 20 жыл. Әр тапсырманы орындаған сайын, Астананың көрікті ғимараттарының суреттерін ілетін боламыз.

— Өткен сабаққа шолу жасап өтейік. Қандай тақырыппен таныс болдық? Өлшем бірліктер деген тақырып. Олай болса ұзындықты немен өлшейміз? Сызғышпен. Оның өлшем бірліктері не? См, дм. Дұрыс айтасындар.

Жұптық тапсырма

Шыршаны безендіру

биік ғимараттарға жанынан қарасақ қандай фигураға ұқсайды? Тіктөртбұрыш. Онда бүгінгі өтетін тақырыбымыз немен байланысты? Тіктөртбұрышпен. Тіктөртбұрыш жайлы не айта аламыз?

4 қабырғасы бар

төрт төбесі бар

Қабырғалары тік

Осы сұрақтар арқылы оқушылар жаңа сабақтың тақырыбын , мақсатын ашып береді.

Шыршаны безендіру

Дұрыс қарама- қарсы қабырғасының түстері бірдей.

Дмек қарсы қабырғалары тең деген сөз.

Осыны тексеріп көру үшін №1 тапсырманы орындайық. Барлықтарын сызғышпен тіктөртбұрыштың ұзындығын өлшейік, енді енің өлшейікте қанша болғанын жазындар. Қалған қабырғаларын өлшеу керек пе? Дұрыс өлшеп қажеті жоқ. Не себепті өлшемейміз? Өйткені қарама- қарсы қабырғалары тең. Ал енді тақтадағы жауаппен тексеріндер

9см

4см

Шыршаны безендіру

Енді оқулықпен жұмыс жасайық.

Барлығымыз кітабымыздың 121 бетін

ашайық. 1 суретте қоршау қандай

фигураға ұқсайды? Тіктөртбұрышқа.

Қоршауды немен қоршаған текшемен.

Қане ұзындығында неше текше ? ал

енінде?

Жауабы:

Ұзындығы- 8 текше, ені-6 текше.

2 суретте қоршау немен қоршалған?

Тақтайшалармен. Ұзындығында неше

тақтайша? Енінде неше тақтайша?

Жауабы: ұзындығы10 тақтайша, ені 8

тақтайша

3 суретте ұзындығы неше

қағазқыстырғыш?

Ал ені неше қағазқыстырғыштан

құралған?

Жауабы:

Ұзындығы -7 , ені-3 қағазқыстырғыш.

Сендердің алдарында домино,

санағыш,қорапшалар бар . осы заттарды

пайдаланып тіктөртбұрыш

құрастырындар.

Оқушылар өздері топа тіктөртбұрыш

құрастырады.

Шыршны безендіру

Қане балалар осы тіктөртбұрышты біз

өмірде пайдаланамыз ба? Оқушылар өз

ойларын айтып береді.

Шыршаны безендіру

**Тілдік құзыреттілікті қалыптастыру**

Сабақ барысында оқушылардың математикалық термин сөздерді дұрыс қолдануына қолдау көрсетіп отырыңыз. Топпен немесе жұппен талдау жасау кезінде оқушылардың коммуникативті дағдысы дамиды (бірін-бірі тыңдау кезінде, өз көзқарасын нақты дәлелдер арқылы көрсетуде, сұрақтарға негіздеп жауап беру кезінде).

**Бағалау**

Оқушылар сабақтың соңында ұзындықты өлшейді және тіктөртбұрыштың қабырғаларын анықтайды.  
Оқушылардың тақырыпты қаншалықты түсінгенін білу үшін мынадай сұрақтар беріп жауаптарын тыңдаңыз:  
— Тіктөртбұрыштың қабырғалары туралы не айта аласындар? (Тіктөртбұрыштың қарама-қарсы қабырғаларының ұзындықтары бірдей болады.)

— Тіктөртбұрыштың екі қабырғасының ұзындығы 1 см және 2 см. Оның қарама-қарсы қабырғаларының ұзындығы қандай болады? Шыршаны безендіру

Оқушылармен жұмыс дәптеріндегі “Жетістік бас-палдағымен” өзін-өзі бағалау жұмысын өткізіңіз. (аяз атаның сұлулығын табыстау)

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.